

# ВЕБИНАР ТАҚЫРЫБЫ:

## Қой шаруашылығын жүргізу технологиясы



Председатель правления – ректор  
НАО «ЗКАТУ им. Жангир хана»

Эксперт



Наметов А.М.

Галимуллина М.Р.

11.10.2023

ЗКАТУ имени Жангир хана

**МАҚСАТЫ:** Қой шаруашылығын дамыту, өсіру, селекция және жүргізу технологиясы туралы білімді тарату.

**МІНДЕТТЕРІ:** Қой өсіретін фермерлерге өткен ғасырдағы және бүгінгі нарықтық экономика жағдайындағы қой шаруашылығының дамуы туралы ақпарат беру.

**ФЕРМЕР ҮШІН ПРАКТИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ :** Қой шаруашылығының даму тарихын біле отыра, фермер шаруашылықтың табиғи-экономикалық және жем-шөп жағдайларын ескере отырып, қой шаруашылығын жүргізудегі селекциясы мен технологиясын игеру.

Тезис	Анықтамалары
<b>Батыс қазақстанда өсірілетін қой тұқымдарының бағыттары.</b>	Ет – май бағытындағы қылшық жүнді <b>еділбай тұқымы</b> ; ет-жүн бағытындағы биязылау жүнді <b>ақжайық тұқымы</b> .
<b>БҚО –ның өткен ғасырдағы қой шаруашылығының даму тарихы.</b>	Қой басы санының қисығы.
<b>Қой шаруашылығының технологиясын сақтау мен дамыту.</b>	Қой шаруашылығынан алынатын өнімді көбейту және еңбек шығынын азайту бағытындағы жұмыстар алгоритмі.



- **Еділбай қой тұқымы** – қазақтың құйрықты қойларының ішіндегі ең ірісі, жүндестігі жөнінен де ең тәуірі. Сондықтан қазақтың қылшықты жүнді қойларын асылдандыру үшін де кеңінен қолданылып келеді. Бұл тұқым халық селекциясы нәтижесінде қалыптасқан тұқым. Табиғат ортаның құбылысына, өзгеруіне өте тез бейімделеді.
- Еділбай қойы ірі, биік, сүйегі шымыр, аяқтары ұзын және әлді, тұрқы ұзын, кеуделі, арқа сүйектері кең біртұтас мықты, бас сүйегі үлкен, тұмсығы дөңес, құйрығы үлкен, құлағы жалпақ, салпақ. Жергілікті жердің табиғатына өте көнбіс, қысы-жазы жайылымда бағыла береді, өте жақсы тебіндейді.
- Қошқарлары 100-120 кг, саулықтары 65-75 кг тартады. Таңдаулылары 150 кг-ға дейін жетеді. Қозыларының туғандағы салмағы 5,5-6,0 кг, ал 4 айлығында еркек қозылар 45-47 кг, ұрғашылары 40-42 кг тартады. Саулықтардың төлдегіштігі 110-120%.
- Біздің облыстағы Еділбай қойының негізгі асыл тұқымды қоры асыл тұқымды шаруашылықтарында шоғырланған: «Бірлік» асыл тұқымды ЖШС, «Еділбай» ШҚ, «Қамқор» ШҚ, «Аймекен» ШҚ, «Перизат» ШҚ. Бұл шаруашылықтар асыл тұқымды Еділбай қойларының негізгі репродукторлары болып табылады.



Еділбай тұқымы аталық қошқары



Еділбай тұқымы ұрғашы қозысы





**Еділбай қой тұқымы саулықтары  
жайылымда**



**Еділбай қой тұқымы қошқарлары  
жайылымда**

**4 айлық еділбай  
тұқымы қозысының  
ұшасы**



AGRO

**Ақжайық етті - жүнді биязылау тұқымы** 1967-1996 жылдары жергілікті жағдайда шығарылған. Ол екі бағытта: ет және біртекті биязылау кроссбредті жүн береді. Ақжайық етті-жүнді қойлары тез жетілуімен, дене бітімімен және жоғары ет пен жүн өнімділігімен ерекшеленеді.

Аталық қошқарлардың тірі салмағы - 94-125 кг, жүнінің ұзындығы 13-18 см, сапалығы 50-48, саулықтардың тірі салмағы -55-60 кг, жүннің ұзындығы - 12-15 см; 58-50 сапа, төлдегіштігі - 115-130%.

Ақжайық етті - жүнді қой тұқымдары Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-ның «Ақжайық» тәжірибелік-өндірістік шаруашылығында, «Қуаныш», «Қанат», «Ануар», «Уразбеков», «Салтанат», «Димухаммед», «Аккүтір», «Өтебаш» шаруа қожалықтарында және тағы да басқа өсіріледі.





*Ақжайық етті-жүнді ірі типті аталық қошқары*



*Ақжайық етті-жүнді ұзын жүнді аталық қошқары*





23. 11. 2019 11: 19



## Ақжайық етті-жүнді саулықтарын жеммен азықтандыру






## 4 айлық ақжайық етті-жүнді қозысының ұшасы



- Қазіргі уақытта Батыс Қазақстан облысында негізгі қойдың екі тұқымы өсірілуде (*Еділбай етті-майлы және Ақжайық етті-жүнді биязылау*).
- Аймақта *кавказ* бен *волгоград*, *қаракөл* қой тұқымдарының әр түрлі сипаттағы қасиеттері сақталған.



Соңғы жылдары мал басы өсіп келеді, қазіргі уақытта БҚО бойынша **01.08.2022ж.** қой басы саны **1 232 142** басты құрайды.

Аудан атаулары	Қойлар			Ешкілер		
	2022 ж.	2021 ж.	2022 ж. % 2021 ж.	2022 ж.	2021ж. г.	2022 ж. % 2021ж.
Ақжайық	206 220	197 775	104,3	53 796	54 295	99,1
Бөкейорда	85 443	73 158	116,8	17 830	15 416	115,7
Берлі	25 915	23 339	111,0	2 465	2 436	101,2
Жаңақала	136 448	137 746	99,1	38 068	37 723	100,9
Жәнібек	67 495	64 431	104,8	8 339	8 164	102,1
Бәйтерек	54 175	51 327	105,5	7 551	6 882	109,7
Казталов	276 349	263 441	104,9	43 345	41 659	104,0
Қаратөбе	91 612	79 134	115,8	20 631	18 785	109,8
Сырым	95 049	91 222	104,2	16 660	16 591	100,4
Тасқала	86 070	79 135	108,8	7 781	7 597	102,4
Теректі	58 015	57 128	101,6	9 081	8 857	102,5
Шыңғырлау	43 216	39 819	108,5	4 555	4 658	97,8
Орал	6 135	4 965	123,6	1 485	1 536	96,7
Барлығы:	1 232 142	1 162 620	106,0	231 587	224 599	103,1



- Қойды ұрықтандыру
- Саулықтарды қолдан ұрықтандыруға әзірлеу
- Қой төлдету мерзімдері
- Төл алу технологиясы
- Жаңа туған саулықтар мен төлдерді күту
- Қозының күтімін жақсарту
- Қойларды таңбалау, зоотехникалық құжаттарды жүргізу
- Қой санына қарай табиғи жайылымын анықтау
- Бордақылау
- Қой қырқуды ұйымдастыру

Қойларды қырқу уақыты табиғи-климаттық жағдайларға және қойлардың тұқымына байланысты. **Қылшық және ұяң** жүнді қойлар жылына екі рет (көктемде және күзде), ал **биязы және биязылау** жүнді қойлар жылына бір рет ( мамыр – маусым айларында) қырқылады, ал жүнінің ұзындығы 5 см-ден асатын осы тұқымдардың қозылары шілде-тамыз айларында қырқылады.


**Биязы жүн** - біртекті түбіттен құралады.

**Биязылау жүн** — биязы және қылшық жүнді қойлардың будандарынан алынады.


**Ұяң жүн** - қылшықты жүнге жақын, бірақ одан жұмсақырақ және нәзіктеу келеді, әрі түбітімен аралық қылшықтары басымырақ және шайыры да көбірек болады.

**Қылшық жүн** - тұрпаты тұлым тәрізді болып келеді де, жүн талшықтары бірнеше түрінен құралады..






1 сурет. Биязы жүн



2 сурет. Биязылау жүн



3 сурет. Ұяң жүн



4 сурет. Қылшық жүн

- ❑ **Өңірдің жергілікті қатал климаттық жағдайларында (едібай етті-майлы және ақжайық етті-жүнді) өсірілген отандық жоспарлы қой тұқымдарының шаруашылық жүргізуші субъектілерінің климаттық орналасуын ескере отырып өсіру.**
- ❑ **Шаруашылықтарда өсіретін қойлардың өнімділігін арттыру үшін шаруашылықта өсіретін қой тұқымдарының өнімділік бағытын өзгертпей, импорттық селекция өндірушілерін пайдалануға болады.**
- ❑ **Қошқарларды еліміздің басқа аймақтарынан, сондай-ақ басқа елдерден әкелген кезде, ең алдымен, ветеринариялық қауіпсіздікті бірінші орынға қою керек.**
- ❑ **Саулықтар басының саны 300-ден асатын шаруа қожалықтарында саулықтарды қолдан ұрықтандыру жүргізілсін.**

**Назар қойып тыңдағандарыңызға  
рахмет !**